

ауыстырды. Бұл, әрине, ауа райының өзгеру салдары болып табылады. Дала халықтары табиғат қорларын барынша толық пайдалану жолдарын игерді.

Ерте темір дәуірінде далалықтар ірі ру қауымдарын құрды. Сақаларда рулар одағы қалыптасты. Қауымдар туыс болу, құдандасу өмір салтын жетілдірді. Бірұдай жақын мәдениет осының нәтижесінде пайда болған. Халықтық мәдениет, қару-жарак, ат әбзелдері сақалар заманында айрықша жетілді. Олар алтын балқытып "аң стилі" атты мәдениетті дүниеге келтірді. Бұл нақыш ат әбзелдері мен қару-жаракта көрініс тапты.

Орталық Қазақстанның темірді алғашқы игеру кезеңінің ескерткіштері тасмола археологиялық мәдениетіне жатады. Белгілі қазақ археологы М. Қадырбаев, бұл мәдениеттің хронологиялық мерзімін б.д.д. VII-III ғғ. негіздеп, оның дамуын негізгі екі кезенге бөлді.

Тасмола мәдениетінде тән археологиялық ескерткіштері "мұртты" оба деп аталды. Мұнда күрделі ғұрыптық-жерлеу кешендері тастан қаланған. Әдетте үш негізгі бөлшектерден: үлкен, кішкентай қорғандар мен ұзындығы 60-200 м дейін жететін жартылай доға тәріздес жолдардан құрастырылған. Бұл "мұрттар" обамен жанасып, үнемі шығысқа қарай бағытталған. Үлкен обаның астында, тереңдігі 2 м жететін шұңқырда мәйіт жерленген. Кішігірім обада жылқы қаңқаларының қалдықтары, қыш ыдыстың сынықтары кездеседі. Кейде тек қана көмір түріндегі және күйдірілген топырақ ізі байқалады. Мемлекет құру ісі күрделі әлеуметтік топтасулар арқылы жүрді. Ру-ру әулет, ру одақтары болып, оның ішінде кемелдігімен, кеменгерлігімен алға шыққан әулеттер өзі атын барша ұлысқа таратып отырды. Әуелі ғұн әулеттері болды, артынан түркі әулеттерінен әлеуметтік ұйымдар құрылды. Жасақталды, жаракталды. Елін жерін дұшпаннан қорғады. Қорғану үшін ру одақтары болып өзара бірігіп отырды.

Жаңа дәуірде, бірінші мыңжылдық мезгілінде, Еуразия далалары мәдени-рухани үлкен өзгеріске келді. Даланың этностық ортасы бірте-бірте өзгере бастауы әуелі III-V ғасырлар аралығындағы орын алған әлем тарихындағы үлкен маңызы бар оқиға – ескі ұлттардың ұлы көші-қоны жүруімен байланысты болды.

Түркі жазба мәдениеті мен сына жазуы, хатқа түскен түркі әдебиеті қалыптасты. Түркілер өздеріне алғашқы рет діни түсініктерді, нанымдары басқа да өркениет жетістіктерін қабылдады. Көшпелі және жартылай көшпелі өмір кеше отырып, біртіндеп қалалық және отырықшы тұрмысқа көшті. Отырықшылыққа көшкен рулар өзіндік өркениетті мәдениет түрлерін қалыптастырды, олар сол кездегі әлемдік мәдениетте өзіндік орын алды [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы. «Алатау» баспасы. 5 том. - 448 б.
2. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) в 4-х томах. - Алматы. Т. 1, 1996.
3. Ғ. Айдаров Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі (оқулық), А., 1986.
4. Қ. Сартқожаұлы. Көне түркі жазба әдеби үлгілері: орхон мұралары. Алматы. 2011. «Елшежіре» ҚҚ. Т 2. – 340 б.

Ұлы дала елінің арманы – Мәңгілік Ел

Баймағамбетова А.А., Кенжетеева Д.

Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

dina.kenzhetaeva99@mail.ru

«Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел!»

Тоныкөк абыз

Елбасы Нұрсылтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында атты еңбегінде «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» [1, 267], - деп жазған еді. Сол ойдың әбден толысқан

жалғасындай боп, Қазақ Елінің Президенті 2014 жылдың басында «Қазақстан жолы – 2050; бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – көк түрктен Мәңгі ел идеясын – қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялады.

Осы уақытқа дейін «Мәңгі Ел» идеясының негізін салған «Көне түрк жазба ескерткіштері», Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның мұраларын сол ғұламалардың өмір сүрген заманымен ғана байланыстырып зерделедік. Енді кейінгі ұрпақтары егеменді мемлекет құрып, азат санаға ие болған кезде бабаларымыз іргетасын қалап кеткен «Мәңгі Ел» идеясының теориялық негіздері мен оны ұлттық тарихымыздағы хандар мен билер, Абай мен Алаш азаматтары және де егеменді мемлекетіміздің Елбасы Н. Назарбаев пен қазақ қоғамдағы зиялылардың іс жүзінде жалғастырып отырғандығын біртұтастықта, сабақтастықта зерделейді. Белгілі бір идеяның мемлекеттік сипат алып, қоғам мүшелерінің көңілінен шығуы үшін негізгі екі талапқа жауап беруі тиіс. Біріншіден, ол сол мемлекетте өмір сүріп отырған халықтың мақсат - мүддесімен, болмысымен толық сәйкес келгені жөн. Бұл туралы Монтеске: «Заңдар үкіметтің табиғаты мен принциптеріне, басқару формасына, елдің географиялық факторы мен физикалық қасиеттеріне, жағдайы мен көлеміне, климатына, топырақ сапасына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, санына, байлығы мен қабілетіне, әдет-ғұрпына сәйкес болу керек», - дейді. Екіншіден, идеологияның мемлекеттік сипат алуына қажетті тағы бір қасиет оның сол мемлекет тарихымен сабақтас болып, ұзақ мерзімдер бойы сол қоғамда үйреншікті, жетекші идеологиялық деңгеде болу тиістігін айтады [2, 289]. Осы негізгі екі белгі де, түрктердің ұлы қағанатын құрғанда бар еді.

Жалпы, ежелгі түрктердің «Мәңгі Ел» идеясын екі мағынада алып қарастырған дұрыс. Біріншісі – кең мағынада, яғни біртұтас түрк елі немесе қағанат, бірнеше ұлыстар мен ру-тайпалық мемлекеттеді біріктірген ірі бірлестік, ал екіншісі – тар мағынада, яғни жекелеген түрк мемлекеттері, немесе хандықтар мен ұлыстар.

Ежелгі түрктердің «Мәңгі Ел» идеясы үш тұғырдан, яғни үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түрк жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгі Ел» манифесінің жариялануы; екіншісі – Әл - Фарабидің философиялық шығармаларында (әсіресе Қайырымды қала шығармасында), «Мәңгі Ел» идеясының теориялық-методологиялық тұрғыдан негізделуі және үшіншісі – Жүсіп Баласағұн осы идеяның іс жүзіне асуын қамтамасыз ететін мемлекеттің Ата заң үлгісінде қызметін атқаратын «Құтты Білік» дастанын жазды. Бұлардың бәрі бірі-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік, яғни мәңгі елдік идеямен сабақтасады.

Алғаш рет «Мәңгі Ел» идеясы Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арнап қойылған бітіктаста түрк еліне жария етіледі. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ [3, 190] бетінде: «Өтүкен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең», - деп жазылған. Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ [3, 262] бетінде қайталанған. «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Тоныкөк (Түйүкүк) ескерткішінің екінші ұстынының сол жақ бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқалы берілген: «ел де ел болды» [3, 319].

Түрк халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түрк елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгі Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір - бірімен үндесіп тұр. Л.Н. Гумилев те өзіннің орхон-енисей ескерткіштеріне талдау жасағанда, руникалық жазулар эпиграфиялық емес, публицистикалық сипатта деп жаңа бір пікірді білдірген болатын: «үш жазудың мәтіндері де түрктердің барлық қоғам мүшелеріне үндеу тұрғысында айтылған, оның өзінде ештеңемен бүркемелемей, халықты сендіргісі келеді. Ендеше жазу – үндеу, ондағы берілген материал тандап алынған. Мұндай жанрдың болуының өзі сөздің түрк қоғамында нақты күш екендігін көрсетеді. Олай болса,

дамыған қоғам және қоғамдық пікір де бар». Ендеше, бұдан шығатын қорытынды: «Мәңгі Ел» - көне түрк жазба ескерткіштерінде Ұлы Түрк қағанаты мемлекетінің манифесі ретінде жария етілген.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түрк дүниесінің «Мәңгі Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгі Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды. Ғұлама ғалым өмір сүрген кезеңде түркілердің қала-мемлекеттері көп болған еді. Сондықтан ол «мемлекетті» көбінесе «қала» түсінігімен қатар қойды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері ашылды. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түрк тілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Өзіннің «қайырымды» және «қайырымсыз» қалалардың әртүрлі мінездемелері мен классификацияларында Фараби қоғамның жетілдірілген әлеуметтік құрылымын қайта жасады. Ол қала – мемлекеттің қоғамдық өмірінің толық мінездемесін береді. Фараби «адамның жануарлар әлемінен бөлініп тұратыны ақыл, ойы және тәнінің жетілдірілгендігімен, бірақ та адам одан әрі жетіле түсу үшін ол тіл және әртүрлі өнерге зәру», - деді. Сонымен Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап берді.

«Құтты білік» дастаны орта ғасырларда өркениетті ел болған Қарахан әулеті мемлекеті түркілерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары, он сегіз айдың ішінде Қашғар қаласында аяқтаған. Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан - ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай-ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, Әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Жүсіп Баласағұн дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке - жеке баяндап шығады. Ақын мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Түркілер құрған империя тек «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» ғана құрылған емес еді. Ежелгі Қытай данышпаны Лу Цзя: «Империяны атқа отырып жаулауға болар, бірақ оны ат үстінде отырып басқару мүмкін емес», - дегеніндей, түрк басшылары өзінің иеліктерін билеуде түрлі бейбіт іс - шараларды шебер пайдаланды. Мысалы, иеліктерін басқаратын жергілікті өкілдеріне лауазымдар мен атақ дәрежелер беріп отырды, діни наным-сенімдердің әртүрлілігіне тағаттылықпен қарады, қыз берісіп, қыз алысу сияқты сол кездегі дипломатиялық әдіс-тәсілдерді де ұтымды пайдаланып отырған, яғни Түрк қағанатының ел басқару құрылымдарын тек жоғары деңгейде қайталаған болатын.

Ұлытау төрінде Елбасының айтқан ұлағатты пікірі тағылымы мол тарихты зерделеген, қазақтың патриоттық сезімін оятатын, зерделі сұхбатында «тарихтың куәгері – Ұлытау» деп қадап айтқан еді. Шын мәнісінде көпшілік Ұлытаудың Жошы хан билеген тұсындағы үздік-үздік оқиғалары болмаса оған дейінгі қазақтың ата-бабаларының тарихына қатысты жерлерін біртұтастықта біле бермейді.

Ұлытаудың тарихы қазақ тарихының ежелгі дәуірімен бірге басталатыны және әр тарихи кезеңдерде жалғысып, сабақтасып отыратындағы Елбасының Ұлытауға барған

сапарында: «бұл жерді ұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер», деген сөздерімен толық үндеседі. Алтын Орда тұсындағы Жошы хан билігінің кезі Ұлытау тарихының әйгілі бір кезеңіне саяды. Алайда бұл кезеңде Жошының өзі Шыңғыс жорығының нәтижесінде келіп хан болғанымен, сол Дешті қыпшақ даласындағы дергілікті, кейін қазақ халқының қалыптасуында негізгі рөл ойнаған оғаз-қыпшақ-қарлық ру-тайпаларының арасына сіңіп, биліктегілермен бірге өздері соларға ұқсап кетті деп көрсетеді ортағасырлық деректер көзі. Сонымен қорыта айтқанда, Ұлытау қазақ тарихының ежелгі кезеңдері мен дәуірлерінде өзіндік орны бар, халқымыздың күнделікті өмірі мен маңызды тарихи оқиғаларының куәгері болған киелі мекен. Олай болса, Елбасы айтқандай, «Мәңгілік Елдің жолы» да осы Ұлытаудан басталатыны анық.

Таяуда Елбасы Н. Назарбаев Қазақ хандығы мемлекетінің 560 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту керектігін көтерді. Түрк мемлекеттерінің сабақтастығын хандықтар мемлекеті тұрғысында жалғастырған тұлғалар: Жәнібек пен Керей, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылайхан және қазақтың ақырғы ханы Кенесары еді. Олар өз заманында «Мәңгі ел» идеясын іске асырып, Қазақ мемлекеттігін күшейтіп, тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерлерін аямағаны белгілі. Осы Абылай мен Кенесары хандардың арманы, Елбасы Н. Назарбаевтың бастауымен Қазақстан егемендік алғаннан бері соңғы 20 жылдан астам аз уақыт ішінде орындалып келе жатқандығының куәсіміз. Кезінде Ұлы Түрк қағанаты есбасылары: «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, қара терін төгіп, қызыл қанын ағызып» «Мәңгі Елдің» іргесін қалап кетсе, дәл осы мүддені жаңа дәуірде Елбасымыз Н. Назарбаевтың да ХХІ ғасырдағы «Мәңгілік Ел» идеясы тұрғысында, іс жүзінде тарихи сабақтастықта жалғастырып отырғанын атап кетсек, артық кетпейміз. Оған Елбасының өз Жолдауында: «Мен Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым» деген сөзі айшықты айғақ болады.

Сонымен, «Мәңгі Ел» идеясы ғасырлар тоғысында, яғни ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында кең мағынада қайта түлеп, посткеңестік кезеңнен бері 40-тан астам түрк этностары мен 300 миллионға жуық түрк халықтарының басын біріктірген түрк дүниесіне жаңа мазмұнмен қайта оралды. Ендігі жерде ХХІ ғасыр – түрк халықтары ғасыры болмақ. Бірақ олай болу үшін түрк елдері мен елбасыларының әлі де көп еркі мен жігері керек. Кезінде Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп бірінші танығанда, Түркияның қоғам және мемлекет қайраткері Намык Кемал Зайбек Қазақстан Түркиядан үлгі алу керек десе. Енді қазір Түркия Қазақстаннан үлгі алуы керек деп ағынан жарылады. Халықаралық аренада Қазақстанның мұндай дәрежеге жетуіне, әрине Елбасы Н. Назарбаевтың сіңірген еңбегі өлшеусіз десек, қателеспейміз. Қазіргі Қазақстан түрк кеңістігінде ғана емес, әлемдік тұрғыда еленетін, санасатын мемлекетке айналғаны мәлім. Елбасы Н. Назарбаев түрк кеңістігінде интеграциялық процестерді қолдап қана қоймай, оған өзі бастап талай маңызды іс—шараларды бастап, басы-қасында жүрді.

Нәтижесінде, ТүркПА, Түрк Кеңесі, ТҮРКСОЙ, Түркі Академиясы сияқты түрк жұртын біріктіруге, яғни «Мәңгі Ел» идеясы маңына топтастыруға мүмкіндік беретін ортақ құрылымдар дүниеге келді. Бұл іс-шаралар уақыт өте келе өзінің өміршеңдігін көрсетіп, әлі талайдың кеудесінде ұялаған түрк бірлігіне деген күдіктерінен арылтып, алға бастайтыны анық. Ендеше түбінде әр мемлекетінің ұлттық идеясына айналуы тиіс. Кезінде Ұлы Түрк қағанаты қағандарының жариялап, іргесін қалап кеткен Мәңгі Ел идеясын бүгінгі таңда, яғни ХХІ ғасырда, Елбасы Н. Назарбаев ынтымағын халқымен бірге іс жүзінде жаңғыртып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 1999. -296б.
2. Кант И. Сочинения в 6 томах, 4 том. –М., 1963.
3. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. –Астана: Күлтегін, 2007. -306б.